

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 ақпандағы N 78 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласының әкіміне Алматы қаласының Саин көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысындағы көлік айырымының құрылысына 2005 жылға арналған республикалық бюджетте күтпеген шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 1200000000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңге қаражат б ө л і н с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*